

«№45 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ



*2023-2024 оқу жылы бойынша жүргізілген
“Сымбат” қыздар клубының қызметінің
анықтамасы*

*Орындаған: А.А.Шабанова
А.А.Алданова*

Ақтөбе қаласы – 2023-2024 ж

1. 2023-2024 оқу жылының «Сымбат» қыздар клубының алғашқы жиналысы өткізілді.

Ағымдағы жылдың қыркүйек айының 22-ші жұлдызында Сымбат қыздар клубының жетекшілері Кулданова Ильмира Сисенбиевна мен Алтынай Арысланбекқызының жоспарлы алғашқы жиналысы өткізілді. Тақырыбы: "Қыз әдептілігімен әдемі, инабаттылығымен сәнді" Мақсаты: Мектептегі әрбір қыз баланы, ибалылық сақтауға баулу, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәрбие беру. Оқып-үйрену процесінің ерекшелігін және күрделілігін ескере отырып, қыз балалар тәрбиесінің табысты болуына төмендегідей қолайлы жағдайларды жасау барысында жағдайлар ескерілмек:

- Мектептегі жаймашуақ орта;
- Мұғалімдер, сынып жетекшілері тарапынан тәрбиеленуші қыздарға құрмет пен сенім;
- Әрбір оқушы қыз баланың мүдделеріне көңіл қою; Айналадағы адамдардың мүдделерін есепке алып, балалардың өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету. Сонымен қатар жиналыс барысында қыз баланың тәрбиесіне қатысты тақырып аясында ой қозғалып, пікірлер айтылды.





2. «Сымбат» қыздар клубына мектебіміздің инспекторы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ағымдағы жылдың 14 қыркүйек күні мектебіміздің инспекторы Ақтөбе қаласы Алматы ауданы №4 ҚПБ ЖПҚ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты ☞☐ Құрықшы Аружан Бауыржанқызының қатысуымен, 8-9-10-11 сынып оқушыларының арасында қоғамда белең алып бара жатырған, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, оқушылардың көкейде жүрген сауалдарына жауап берілді.



3. 🌀2023-2024 оқу жылының 11-ші қыркүйек айынан бастап, "№45 ЖББОМ" КММ-де ✨"Төрт тоқсанға төрт өнер" атты мәдени-ағартушылық жобасы аясында "Ақындар айтысы" тақырыбында суырып-салма ақындар айтысының ашылуы өтіп, «Сымбат» қыздар клубының мүшелері де байқауға қатысты.

☀️Бұл байқаудың мақсаты — айтысты қазақ халқының ұлттық құндылығы ретінде дәріптеу, баға жетпес мәдени мұрамызды шешендік өнер арқылы таныту, балаларды ұлттық рух пен отансүйгіштік, өз халқына, салт-дәстүріне деген құрмет білдіруге тәрбиелеу және дарынды шығармашыл жастарды анықтау. 🎭Мектебіміздің жас өнерпаздарына сәттілік тілейміз!



Қазан айының 10-күні №40 мектеп базасында Республикалық ★“Менің шағын Отаным” интеллектуалдық байқауының қалалық кезеңі өтті.

◆Мектебімізден Аманғос Әмина және Михетова Аяна қатысып, “Менің туған Өлкем” номинациясы бойынша Аманғос Әмина жүлделі ІІ орынға ие болды.

Жетекшісі: Джолдасбаева Д.М.

Құттықтаймыз ✨



☞ 2023-2024 оқу жылында 21-қыркүйек “Сымбат” қыздар клубының ұйымдастыруымен ✦5-11 сыныптар арасында “Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі” тақырыбында жалпы қыздар жиналысы өтті.

☼Сымбат қыздар клубы– халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындырып, әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке, төзімділікке, әсемдікке тәрбиелеуді мақсат етеді.

📌Клубтың мақсаты:

- ◆-қыз баланы қоғамның белсенді мүшесі екенін ұғынуға, адал достықты түсінуге, өнерге, мәдениетке, өткен тарихымызды білуге, отансүйгіштікке тәрбиелеу;
- ◆-мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізеттіліктерін қалыптастыру. Қыз бала алдында қоғамның, елдің, ұлттың болашағы және үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын ұғындыру;
- ◆-әдеп пен сыпайылық, инабаттылық, тазалық пен адамгершілік нәрімен сусындату;
- ◆-үлкенді сыйлайтын, кішіге қамқор болатын, білікті, білімді, жан-жақты жетілген қыз баланы тәрбиелеу.





20-қазан ✨“Сымбат “ қыздар клубының ұйымдастырумен ✨«Қыз баланың ерте есеюі:маман кеңесі» айдарымен оқушылар арасында денсаулық сақтау ұйымдарының дәрігер мамандарымен кездесу ұйымдастырылды.

☞☐Мамандар:

- 1☐Жулмағамбетова Сандугаш Серикқызы, ЖИТС орталығының даригер эпидемиологы
- 2☐Уразалинова Динара Гайнадиновна, ЖИТС орталығының даригер эпидемиологы
- 3☐Саримова Жулдыз Жумалиевна зож маманы
- 4☐Сейдалы Нуршат Даскалқызы психолог маманы
- 5☐Қарымсақова Бибигүл Көптөлеуовна гинеколог маманы





☞15-қараша күні “Мектеп лигасы” бағдарламасы бойынша ☞Х микро топта 9-11 класс қыз балалары арасында волейбол жарысы өтті.Тартысты өткен сайыста
 🏐 10 мектептің ішінен қыздарымыз 2-орынға ие болды.
 ✨Жеңісті күндеріңіз көп болсын жас спортшылар.





24 қараша 2023 жылы “Отбасы-бақыт мекені” ата-аналарды қолдау мектебін ұйымдастыру іс-шараларының аясында 9 “А”-9”Ә” кластарының ұйымдастыруымен “Сырласайық жеңеше” тақырыбында жеңгелермен сырласу шарасын ұйымдастырды.

Мақсаты: Жеңге мен қайын сіңлі арасындағы өзара сыйластықты, бір-біріне деген сүйіспеншілікті нығайтып, Халқымыздың бойына ғасырлап сіңген ұлттық мінез, ұлттық тәрбие, жақсы дәстүрімізді жаңғыртып, ұлағатты қасиеттерді сіңіріп, үлгі - өнеге алуға, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу .

Шара барысында жеңгелер қыздарға шаш күту туралы ақыл-кеңестерін беріп ұзын шаштарды өру жолдарын көрсетті. Өнерлі жеңгелеріміз тоқу, тігу түрлерін көрсетіп қыздарды қолөнерге баулыды. Қазіргі кезде мобилография, гипстен түрлі формалар жасаудың алғашқы жолдарымен таныстырды. Әрине әр қыз бала ас әзірлей білу керек. Осы жағынан да қыздарға қазіргі заманауи салаттарды жасауын үйретті.

Шара өз мақсатына жетіп, қыздар керемет әсер алып өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алып алғысын білдірді.

Алдағы уақытта “Жеңгелер мектебіне” сәттілік тілейміз!



1 қараша күні ✨ «Сымбат» клубының белсенді мүшелері «Жаяу жүргіншілер мен жүргізушілер» атты тақырыпта көлік жүргізушілеріне жадынамалар таратылды.

! Оқушылардың назарына

Есіңе сақта. • Көшеден өткенде арнаулы жерден, жасыл жанғанда ғана немесе реттеушінің белгісін күт. • Жол қиылысында аса абай бол. • Көшеден тек жаяу адамдар өтпелері бойынша жүр. • Бағдаршамға қарауды ұмытпа. • Жолдан өтер кезде алдымен сол жағына содан соң оң жағына қарап, арнайы жаяу жүру жолымен өт.



❁□Мектебімізде Фариза Оңғарсынованың шығармашылығын насихаттау дәріптеу мақсатында «Сымбат» клубының мүшелері «Өмірін өрген өлеңмен» атты мектепішілік мәнерлеп оқу байқауына қатысты.

♥Мақсаты: Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, ақын Фариза Оңғарсынованың туған күні қарсаңында ақынның рухани асыл мұраларын насихаттау арқылы жас ұрпақтың поэзия әлеміне, сөз өнеріне сүйіспеншілігін арттыру.

Байқау төмендегі талаптар бойынша өткізілді:

- ❖өлеңді мәнерлеп жатқа оқу;
- ❖оқылатын өлең 5 минуттан аспауы керек;
- ❖сахналық бейнесі мен киімдері, музыкалық сүйемелдеу ескерілді;

❖өлеңнің идеялық мазмұнына, көлеміне назар аударылды.

Байқауға қатысқан оқушылар жүлделі □□□ орындармен, «Алғыс хатпен» марапатталды.

❖□Даналық әрбір жырларыңыз үшін, ақылға толы сырларыңыз үшін, халқыңыздың мақтаулы қызы - Фариза болып тұрғаныңыз үшін біз сізге бас иеміз!



☞«Алтын күз бірде шуақ, бірде салқын, Жер мен көк жалтыраған сап – сары алтын» атты алтын күз мерекесіне орай ұйымдастырылған,

🍁👤♂️👤«Армысың алтын күз» күзгі бал кеші өтті.



Сымбат қыздар клубы 2023-2024

1.2023-2024 оқу жылының « Сымбат » қыздар клубына арналған « Қызылша жұқпалы ауруын алдын алу » тақырыбында жиналыс өткізілді.

Ағымдағы жылдың 19 қаңтар Қызылша жұқпалы ауруының алдын алу мақсатында

Қаратаев Жалғас Таласбаевич - Қалалық СЭС дәрігері, Ақжар амбулаториясының дәрігері Утегенова Алтынгүл Сагинтаевна, Ақжар амбулаториясының медбикесі Кузембаева Алтынай Берикболовна, 5-ші қалалық емхана психологі Мырзагалиева Айгерим Булатовна түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



2.«Сымбат» қыздар клубының мүшелерінің ұйымдастырумен «Алғыс айту» күніне видео құттықтау жүргізілді.

1 наурыз күні 9 «Ә» класс оқушыларының қыз балалары №45 жалпы білім беретін орта мектептің ұстаздарын «Алғыс айту» күнімен құттықтады.

Мерекенің басты мақсатының бірі – өскелең ұрпақты достық, бір-біріне деген құрмет пен толеранттылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, Қазақстанда этникаралық келісім мен ұлтаралық қарым-қатынасты нығайту.



«Сымбат»қыздар клубының «Туберкулездің алдын алу» мақсатында қыздарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

4-наурыз күні туберкулездің алдын алу айлығын өткізу бойынша іс- шаралар жоспарын орындау аясында облыстық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен №5 қалалық емхананың физиатр, салаутты өмір салтын ұстаушы

дәрігер, СӨС медбикесі, психолог мамандарының жоғары сынып оқушыларының қыздарымен кездесу өткізілді.



«Сымбат» қыздар клубы және «Жеңгелер» мектебінің арасында волейбол өткізілді

Ағымдағы жылдың 22 сәуірінде «Alpha ұрпақ & ұлттық құндылық -2024» мектепшілік тәрбие саласының ұйымдастырумен « Сегіз қырлы жеңешем!» атты волейбол ойыны өткізілді. Мақсаты: салауатты өмір салтын ұстану, ережелерінің оңай болуы және волейбол ойнау үшін көп құралдың қажет болмауы.



«Сымбат» қыздар клубының ұйымдастырумен 5-6 сыныптар « Ақтөбе тарихи-өлкетану» музейіне барды.

24 мамыр күні « Төрт тоқсанға төрт өнер» жобасы аясында оқушыларымыз музейге барып қайтқан болатын. Барудағы мақсаты:

мұражайға саяхат жасау тұлғаның үйлесімді дамып, қалыптасуына зор ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, оқушыларды ұлтжандылыққа, мәдениеттілікке, өз елінің тарихын құрметтеуге тәрбиелеп, шежірелі өлкенің тарихын біліп қана

қоймай, оны сүйіп, құрметтеу әрбір азаматтың міндеті екендігін жете түсінуіне көмектеседі.

